елдерде оқу ағылшын тілінің британдық немесе американдық нұсқасын меңгеруге бағытталған. Сондықтан тіл үйренушілердің прагматикалық құзыретіне аса мән берілмейді. Ал ағылшын тілі прагматикалық қолданысы кең елде ағылшын тілі сол елдің мәдени болмысымен ұштасып, ағылшын тілінің жергілікті нұсқасы қалыптасқан.

Сонымен қатар, прагматикалық білім беру кезінде де, басым назар лингвистикалық білім беруге түсетіні айқындалады. Сауалнамаға қатысқан Қазақстан мұғалімдерінің 27%-ға жуығы прагматикалық білімді бастапқы деңгейден беру керек десе, Қазақстанның да (40%), Вьетнамның да (65%) оқытушылары прагматикалық құзыретті дамытуды тек жоғары деңгейде енгізуді жөн көреді [17]. Тіл құралдарын (грамматика, лексика) жаттау бөлек, оларды жағдайға қарай және тілдегі прагматикалық нормаларға сай қолдана алу бөлек екенін К.Бардови-Харлиг, Г.Каспер және П.Джи еңбектерінде көрсетіледі [20, 4, 3]. Тілді білу деңгейінің жоғары немесе төмен болуынан оқушының прагматикалық құзыретін бағалау мүмкін емес екенін келесі зерттеу нәтижелері көрсетеді. Ағылшын тілін жапондық үйренушілермен зерттеу жүргізе отырып, С.Мацумура тіл білу деңгейлері олардың прагматикалық қателіктерге сезімталдығына тікелей әсер етпейтінін анықтады және басқа зерттеулер тіл білу мен прагматикалық білім арасындағы сәйкессіздікті анықтағанын растады [21]. Тұжырымдай келе, білім алушының лингвистикалық білімі жоғары болса, прагматикалық құзыреті жақсы дегенді білдірмейді. Сол сияқты, лингвистикалық білімі таяз болса да, студенттің прагматикалық құзыреті жоғары болып, қарым-қатынасты сәтті жүргізе алуы мүмкін.

Оқытушылардың білім алушылардың прагматикалық құзыретін дамытуға қатысты көзқарасы.

Қатысушылардың 73,3 %-ы прагматикалық білім алғанын айтқанмен, тек 27%-ы студенттердің прагматикалық құзыретін дамыту жолын білетінін көрсетеді. Бұл Н.М.Бу, П. Джи, М.Йылдыз Екин мен Е. Атак Дамар өткізген зерттеулерде де көрініс табады. Түркі университетінің төртінші курс оқытушыларының 21%-ы прагматиканы сәтті үйретеді деп айта алады [22]. Осы зерттеулердің нәтижесінде, прагматикалық құзыретті дамытудың қиындығының бір себебі мұғалімдердің өздерінің прагматикалық құзыретінің жоғары болмауы болса, екіншісі, сол прагматикалық білім беру әдісін білмеуімен байланысты деген тұжырым жасалынады. Ал М.Йылдыз Екин мен Е. Атак Дамар зерттеу жұмысында қатысушылардың 70%-ы теориялық және практикалық білімнің арасындағы алшақтықты кедергі ретінде айтады [22, б.183]. Прагматиканы білу мен прагматиканы оқыта алу екі бөлек құзырет екені осы зерттеуден көрінеді. К.Васкез пен Д.Шарплес айтуынша, U.S.TESOL оқыту бағдарламасының 20%-ы ғана прагматикалық білімге арналған, оның өзінде жартысынан артығы практикалықтан гөрі теориялық материал беріледі [23]. Сондықтан болашақ EFL оқытушыларын дайындауда прагматикалық құзыретті дамыту дәрістерін кіргізу мәселесі көтерілуі аса қажет.

Оқулық жайында осы зерттеуде алынған деректер басқа шетел зерттеулерінен ерекше. Оқулықта прагматикалық мәліметтің жеткілікті түрде қамтылмайтынын қытай мұғалімдерінің жартысына жуығы келіссе [3], Қазақстан жақтан төрттен бір бөлігі ғана солай ойлайды, ал 40%-ы оқулықта тиісті прагматикалық ақпарат беріледі деп есептейді. Сонымен бірге, мұғалімдер прагматикалық білім беру құралдарының бірі болып оқулықты нұсқайды. Дегенмен, әлемдік тәжірибеде EFL оқулықтарының прагматикалық құзыретті қалыптастыру мүмкіндігі аз екенін көрсетеді. Оқулықта берілген ауызша сөйлеу мысалдары мен шын өмірдегі сөйлеу әрекеті арасындағы сәйкессіздік, контексттің болмауы [24, б.56], метапрагматикалық ақпарат пен контекстуализацияның аздығы [25], тілдің шын қолданысынан ауытқып беру, тілдің күрделілігін қарапайым сөйлемдер тізбегі арқылы беру [5] сөз етіледі. Бұл ескертулер білім алушының тілдің шынайы қызметін меңгеруіне кедергі келтіреді.

Осы сауалнамадан алынған деректердің басқа қарастырылған зерттеулерден тағы бір айырмашылығы ол арнайы прагматикалық мәліметтердің түрлерінде. Қазақстан мұғалімдері жалпы прагматикалық ақпарат (сыпайылық, орындылық, формальдылық

және регистр) беру мен сөйлеу актілерін оқытуды жиі көрсетсе, Вьетнам, Қытай елдерінде жүргізілген зерттеулерде мәдениет туралы ақпарат беруге ұмтылатыны айтылады [3, 17].

Сауалнамадан оқытушылар аутентивті материалдарды (теле-радио бағдарламалары мен видео) және интерактивті технологияны (дискуссия, рольдік ойындар, шешуге бағытталған сауалдар) қолдану қажеттігі жайлы хабардар екені анықталды. Прагматикалық құзыретті дамыту үшін Интернет ресурстары, бұқаралық ақпарат көздерін және интерактивті технологияларды қолдануды ұсынумен қатар, оқулыққа сүйенетіндігі Қазақстан және шетел елдердің ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзыретті дамытуға қатысты ойлары ұқсайды. Алайда, Қазақстан сауалнама қатысушылары тура оқыту әдісін көп ұсынбайды, яғни нақты (теориялық) прагматикалық ақпарат беру, нұсқау беру арқылы оқыту әдісі аз қолданылады.

Қорытынды. Қазақстанның бір жоғары оқу орнының ағылшын тілі оқытушыларынан алынған сауалнамада оқытушылардың ағылшын тілін оқытуда прагматикалық білім беру жайлы түсінігі мен прагматикалық құзыретті дамытуға қатысты көзқарасы айқындалды. Прагматикалық құзырет, яғни тілді жағдайға және сөйлеушінің ниетіне қарай орынды қолдана алу қабілетінің маңызы оқытушылар үшін тың емес. Ағылшын тілі халықаралық тіл болғандықтан, білім алушы әртүрлі ұлт өкілімен қарым-қатынас құру мүмкіндігіне ие болатыны мәлім. Тілді қолдану кезінде тілдік және тілдік емес факторларды ескере отыра пікір алмасу сөйлеушінің прагматикалық құзыреті жоғары екенін көрсетеді. Бұл жағдайда қарым-қатынас сәтті өтеді, сөйлеушілер бір ортақ шешімге келеді.

Ағылшын тілін оқытуда аутентивті Интернет ресурстары мен интерактивті әдістерді пайдаланылу жайында жиі айтылғанымен, оқыту үдерісінде әлі де тілдің аспектілерін жаттықтыру басым, оның екі себебін осы зерттеу нәтижелері арқылы айқындауға мүмкін болды. Біріншіден, қисынын келтіріп сөйлеуге үйрету грамматикалық дағдыны дамытуға қарағанда күрделі әрекет, себебі ол үшін ағылшын тілінде сөйлеуді қажет ететін орта, жағдай туғызып отыру қажет. Прагматикалық құзыретті қалыптастыру үшін білім алушы тілдік емес факторлар, коммуникативтік жағдай мен сөйлеушілердің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін ескере отыра, үнемі ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауы аса қажет. Олай болмаса, сөйлеуші прагматикалық қате жібереді, нәтижесінде түсінбеушілік туып, қақтығыс болады. Лингвистикалық (грамматика мен лексика) білімге басымдық берудің екінші себебі, оқытушыларда білім алушы қарым-қатынасқа түспей тұрып, алдымен сөз жаттап, ережелерді білу керек деген ой қалыптасқан. Сөйлесу тіл үйренуші грамматика мен сөзді жоғары деңгейде білгенде ғана мүмкін деп санайды. Жоғарыда айтылған мәселелердің себебі мен шешу жолдарын анықтау үшін оқытушылармен жеке сұхбат және сабақ барысын бақылау секілді зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі айқын.

Бұл зерттеуден алынған нәтижелер ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзырет жөнінде түсініктің болуын және оны прагматикалық құзыретін дамытуда коммуникативтік тапсырмаларды қолдану қажеттігінен хабардар екенін көрсетеді. Сондай-ақ, интерактивті әдістерді білім алушылардың грамматикалық және лексикалық дағдыларын дамыту мақсатында қолданылатыны байқалады. Бұл интерактивті әдістердің прагматикалық құзыретті дамытуға тигізер үлесі тиісті дәрежеде бағаланбайды деген ой туғызады. Қорыта келгенде, ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістемесі үшін прагматикалық білім беру мен прагматикалық құзыретті қалай дамыту мәселесінің өзекті екені анық.

Әдебиеттер:

[1] **Eisenchlas, S.** On-line interactions as a resource to raise pragmatic awareness //Journal of Pragmatics, 43– 2011. – pp.51-61.

- [2] **Ariani, M.**, Basthomi Y., Prayogo J.A. The role of pragmatic socialization in building learners' pragmatic competence from English teachers' perspectives// Pegem Journal of Education and Instruction, 11(4) – 2021. – pp.197–208. <https://doi.org/10.47750/pegegog.11.04.19>
- [3] **Ji, P.** Pragmatics and pedagogy: An examination of College English training in China (Unpublished doctoral thesis), University of Sydney, Australia, 2007.
- [4] **Kasper, G.**, Schmidt R. Developmental issues in interlanguage pragmatics. Studies in Second Language Acquisition, (18). – 1996 – pp.149–169.
- [5] **McCarthy, M.** Spoken language and applied linguistics. Cambridge: Cambridge University Press, 1998.
- [6] **Жайтапова, А.А.**, Картабаева А.А. Шетел тілін оқытудағы кәсіби бағытталған дискурсивті құзыреттілік (туризм мамандығы бойынша). Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2021. – 248 б.
- [7] **Саденова, А.Е.** Диалогтық дискурс: қазақ тілін меңгерудің деңгейлік динамикасы: монография/А.Е. Саденова. – Алматы, 2016. – 194 б.
- [8] **Медведева, С.М.**, Медведева О.М. Формирование дискурсивной компетенции в ходе работы над темой «Средства массовой информации и реклама». Дидактизация занятия//Менеджмент в образовании. – Алматы, 2021 – №1. – С. 34-41.
- [9] **Құнанбаева, С.С.** Қазіргі заманғы шет тілінде білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2010. – 344 б.
- [10] **Narita, R.** The effects of pragmatic consciousness-raising activity on the development of pragmatic awareness and use of hearsay evidential markers for learners of Japanese as a foreign language//Journal of Pragmatics, 44 – 2012. – pp.1-29.
- [11] **Schmidt, R.** Consciousness, learning and interlanguage pragmatics. In G. Kasper & S. Blum-Kulka (Eds.), Interlanguage pragmatics (pp. 21-42). – New York: Oxford University Press, 1993.
- [12] **Schmidt, R.** Implicit learning and the cognitive unconscious: Of artificial grammars and SLA. In N. Ellis (Ed.), Implicit and explicit learning of languages (pp.165-209). – London: Academic Press, 1994.
- [13] **Taguchi, N.** Development of speed and accuracy in pragmatic comprehension in English as a foreign language. TESOL Quarterly, 41 – 2007. – pp.313-338.
- [14] **Takimoto, M.** Exploring the effects of input-based treatment and test on the development of learners' pragmatic proficiency// Journal of Pragmatics, 41 – 2009. – pp.1029-1046.
- [15] **Koike, D.**, & Pearson, L. The effect of instruction and feedback in the development of pragmatic competence. System, 33 – 2005. – pp.481-501.
- [16] **Takahashi, S.** The role of input enhancement in developing pragmatic competence. In K. R. Rose & G. Kasper (Eds), Pragmatics in language teaching (pp. 171-199). New York: Cambridge University Press, 2001.
- [17] **Vu, N.M.** Teaching pragmatics in English as a Foreign Language at a Vietnamese university: Teachers' perceptions, curricular content, and classroom practices (Unpublished PhD dissertation). University of Sydney, Sydney, 2017.
- [18] **He, D.**, & Zhang Q. Native speaker norms and China English: From the perspective of learners and teachers in China. TESOL Quarterly, 44(4) – 2010. –pp.769-789.
- [19] Kachru, B. World Englishes: Approaches, Issues and Resources. Language Teaching – 1992 – 25 – pp.1-14.
- [20] **Bardovi-Harlig, K.** Evaluating the empirical evidence: Grounds for instruction in pragmatics. In Kasper, G., Rose, K. (Eds.). Pragmatics and language teaching, (pp.11-32). Cambridge: Cambridge University Press, 2001.
- [21] **Matsumura, S.** Modelling the relationship among interlanguage pragmatic development, L2 proficiency, and exposure to L2. Applied Linguistics, 24 – 2003. – pp.465-491.
- [22] **Yildiz Ekin, Mehmedil. T.** and Ebru Atak Damar. Pragmatic awareness of teacher trainees and their reflections on pragmatic practices// ELT Research Journal 2 (4) – 2013. -pp.176–190.
- [23] **Vásquez, C.**, and Sharpless, D. The role of pragmatics in the master's TESOL curriculum: Findings from a nationwide survey. TESOL Quarterly, 43(1) – 2009. – pp.5–28.
- [24] **Boxer, D.**, & Pickering, L. Problems in the presentation of speech acts in ELT materials: The case of complaints// English Language Teaching Journal, 49(1) – 1995. – pp.44-57
- [25] **Diepenbroek, L.G.**, Derwing, T.M. To what extent do popular ESL textbooks incorporate oral fluency and pragmatic development? // TESL Canada Journal, 30(7) – 2013. – pp.1-20.

References:

- [1] **Eisenchlas, S.** On-line interactions as a resource to raise pragmatic awareness //Journal of Pragmatics, 43 – 2011. – pp.51-61.
- [2] **Ariani, M.,** Basthomi Y., Prayogo J.A. The role of pragmatic socialization in building learners' pragmatic competence from English teachers' perspectives// Pegem Journal of Education and Instruction, 11(4) – 2021. – pp.197–208. <https://doi.org/10.47750/pegegog.11.04.19>
- [3] **Ji, P.** Pragmatics and pedagogy: An examination of College English training in China (Unpublished doctoral thesis), University of Sydney, Australia, 2007.
- [4] **Kasper, G.,** Schmidt R. Developmental issues in interlanguage pragmatics. Studies in Second Language Acquisition, (18). – 1996 – pp.149–169.
- [5] **McCarthy, M.** Spoken language and applied linguistics. Cambridge: Cambridge University Press, 1998.
- [6] **Zhaitapova, A.A.,** Kartabaeva A.A. Shetel tilin oqytudagu kasibi bagyttalghan diskursivti quzyrettilik (turizm mamandygy boiynsha) [Professionally-oriented discourse competence in teaching a foreign language (for tourism). Educational and methodological tool – Almaty, 2021. – 248p. [in Kazakh]
- [7] **Sadenova, A.E.** Dialogtyq diskurs: qazaq tilin mengerudin dengeilik dinamikasy [Dialogue discourse: the dynamics of Kazakh learning level]. – Almaty, 2016. – 194p. [in Kazakh]
- [8] **Medvedeva, C.M.,** Medvedeva O.M. Formirovanie diskursivnoi kompetentsii v hode raboty nad temoi «Sredstva massovoi informatsii i reklama» [Formation of discursive competence in the course of work on the topic “Mass media and advertising”. Didaktizatsia zanyatiya [Didactization of the lesson]/Management in Education. – №1 – Almaty, 2021. – pp. 34-41 [in Russian]
- [9] **Kunanbaeva, C.C.** Qazirgi zamangy shet tilinde bilim berudin teoriyasy men praktikasy [Theory and practice of modern foreign language education]. – Almaty, 2010. – 344p. [in Kazakh]
- [10] **Narita, R.** The effects of pragmatic consciousness-raising activity on the development of pragmatic awareness and use of hearsay evidential markers for learners of Japanese as a foreign language//Journal of Pragmatics, 44 – 2012. – pp.1-29.
- [11] **Schmidt, R.** Consciousness, learning and interlanguage pragmatics. In G. Kasper & S. Blum-Kulka (Eds.), Interlanguage pragmatics (pp. 21-42). – New York: Oxford University Press, 1993.
- [12] **Schmidt, R.** Implicit learning and the cognitive unconscious: Of artificial grammars and SLA. In N. Ellis (Ed.), Implicit and explicit learning of languages (pp.165-209). – London: Academic Press, 1994.
- [13] **Taguchi, N.** Development of speed and accuracy in pragmatic comprehension in English as a foreign language. TESOL Quarterly, 41 – 2007. – pp.313-338.
- [14] **Takimoto, M.** Exploring the effects of input-based treatment and test on the development of learners' pragmatic proficiency// Journal of Pragmatics, 41 – 2009. – pp.1029-1046.
- [15] **Koike, D., & Pearson, L.** The effect of instruction and feedback in the development of pragmatic competence. System,33 – 2005. – pp.481-501.
- [16] **Takahashi, S.** The role of input enhancement in developing pragmatic competence. In K. R. Rose & G. Kasper (Eds), Pragmatics in language teaching (pp. 171-199). New York: Cambridge University Press, 2001.
- [17] **Vu, N.M.** Teaching pragmatics in English as a Foreign Language at a Vietnamese university: Teachers' perceptions, curricular content, and classroom practices (Unpublished PhD dissertation). University of Sydney, Sydney, 2017.
- [18] **He, D., & Zhang, Q.** Native speaker norms and China English: From the perspective of learners and teachers in China. TESOL Quarterly, 44(4) – 2010. –pp.769-789.
- [19] **Kachru, B.** World Englishes: Approaches, Issues and Resources. Language Teaching – 1992 – 25 – pp.1-14.
- [20] **Bardovi-Harlig, K.** Evaluating the empirical evidence: Grounds for instruction in pragmatics. In Kasper, G., & Rose, K. (Eds.). Pragmatics and language teaching, (pp.11-32). Cambridge: Cambridge University Press, 2001.
- [21] **Matsumura, S.** Modelling the relationship among interlanguage pragmatic development, L2 proficiency, and exposure to L2. Applied Linguistics, 24 – 2003. – pp.465-491.
- [22] **Yildiz Ekin, Mehmedil. T. and Ebru Atak Damar.** Pragmatic awareness of teacher trainees and their reflections on pragmatic practices// ELT Research Journal, 2 (4) – 2013. -pp.176–190.

[23] **Vásquez, C.**, and Sharpless, D. The role of pragmatics in the master's TESOL curriculum: Findings from a nationwide survey. *TESOL Quarterly*, 43(1) – 2009. – pp.5–28.

[24] **Boxer, D.**, & Pickering, L. Problems in the presentation of speech acts in ELT materials: The case of complaints// *English Language Teaching Journal*, 49(1) – 1995. – pp.44-57

[25] **Diepenbroek, L.G.**, Derwing, T.M. To what extent do popular ESL textbooks incorporate oral fluency and pragmatic development? // *TESL Canada Journal*, 30(7) – 2013. – pp.1-20.

ОТНОШЕНИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА К ПРАГМАТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ И ИХ ОПЫТ ЕЕ ПРЕПОДАВАНИЯ

Кумарова К.А.¹, магистр педагогических наук
Сейдалиева Г.О.², PhD, ассоциированный профессор

¹*Казахский Национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан*

²*Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

Аннотация. В этой статье представлены эмпирические данные о восприятии преподавателей английского языка о прагматической компетенции и их опыте по развитию прагматической компетенции у обучающихся. Прагматическая компетенция является одним из компонентов коммуникативной компетенции. Она включает в себя набор умений, позволяющих говорящему адаптировать свою речь к ситуации, понимать точку зрения собеседника и четко передавать свои мысли. Исследовательская работа проводилась среди преподавателей английского языка в одном из вузов Казахстана. Преподаватели приняли участие в опросе, и полученные данные были проанализированы с использованием как количественных, так и качественных методов исследования. Результаты исследования показывают, что преподаватели английского языка признают важность развития прагматической компетенции у обучающихся. Они согласны с тем, что языковые классы должны использовать интерактивные методы и аутентичные материалы, доступные в Интернете. Однако исследование показало, что многие преподаватели сталкиваются с трудностями при развитии прагматической компетенции и проведении корректирующей обратной связи в отношении прагматических ошибок. Преподаватели также уделяют больше внимания освоению грамматики и лексики. Это ситуацию можно объяснить двумя причинами. В первую очередь, устранение и исправление прагматических ошибок являются более сложными, чем обучение грамматике и словарному запасу. В результате исследования было выявлено, что преподавателям испытывают трудности в понимании и преподавании особенностей прагматического использования языка и в классе. Вторая причина заключается в том, что преподаватели английского языка твердо убеждены в том, что обучающиеся должны хорошо понимать правила грамматики и лексические единицы, прежде чем вовлекать обучающихся в коммуникативную деятельность. Эти результаты подчеркивают необходимость дальнейших исследований для изучения и определения стратегий, в частности эффективности интерактивных методов в развитии прагматической компетенции обучающихся.

Ключевые слова: прагматическая компетенция, прагматическая ошибка, коммуникация, интерактивные методы, проектная технология, технология основанная на вопросах, виртуальное обучение.

PERCEPTION OF ENGLISH LANGUAGE TEACHERS ABOUT PRAGMATIC COMPETENCE AND THEIR TEACHING EXPERIENCE

Kumarova K.A.¹, master of pedagogical sciences
Seidaliyeva G.O.², PhD, Associate Professor

¹*Kazakh National women's Training Teacher University, Almaty, Kazakhstan*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Annotation. This article provides empirical evidence regarding English as a Foreign Language (EFL) teachers' perceptions regarding pragmatic competence, as well as their experiences in developing

students' pragmatic competence. Pragmatic competence is one of the components of communicative competence. It encompasses a set of skills that enable speakers to adapt their speech to specific situations, understand the intention of the interlocutor, and express thought clearly. The questionnaire was administered to EFL teachers and the collected data were analyzed using both quantitative and qualitative research methods. The study's findings indicate that EFL teachers recognize the importance of teaching pragmatics: speaking according to the situation, understanding the speaker's point of view, and clearly conveying the idea. They unanimously acknowledged the importance of incorporating interactive teaching methods and utilizing authentic online resources in language classrooms. However, the study revealed that many teachers encountered challenges when developing pragmatic competence and providing corrective feedback on pragmatic errors. Also, they tend to focus more on teaching grammar and vocabulary. This situation can be attributed to two reasons. Firstly, the challenge of addressing and correcting pragmatic errors may lead teachers to give precedence to grammar and vocabulary instruction. It is easier to focus on linguistic aspects rather than addressing the nuances of pragmatic competence within the classroom setting. The second reason is that EFL teachers firmly believe that students should have a solid understanding of grammar rules and lexical items before engaging students in communication activities. These findings highlight the need for further research to explore and identify strategies, as well as the effectiveness of interactive methods in developing students' pragmatic competence.

Keywords: pragmatic competence, pragmatic error, communication, interactive methods, project-based learning technology, inquiry-based learning technology, virtual learning.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Раушанбек Ш.Р.¹, 7M01409 – Кәсіптік оқыту (Көркем еңбек және арнайы пәндер) білім беру бағдарлама бойынша 2 курс магистранты,

raushanbek.shattyk@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-5407-5925>

Шильдебасева Л.К.¹, техника ғылымдарының кандидаты

lyazzatk.sh.2007@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8655-9707>

Жунусова А.С.², 8D02303 – Лингвистика білім беру бағдарлама бойынша 3 курс докторанты

aigera.kz777@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-0059-9169>

Карабекова Л.К.³

lazzat.karabekova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6135-3706>

¹*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан*

²*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

³*Т.Рысқұлов атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы), Жамбыл облысы, Қазақстан*

Андатпа. Бұл мақалада білім беруде цифрлық технологияны қолдану қажеттілігі туралы айтылады және олардың негізгілері талқыланады. Цифрлық технологиялар көркем өнердің негіздерін меңгеруде, шығармашылық қабілеттерді дамытуда, білім алушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеруде маңызды құрал бола алады. Цифрлы құралдар мен ресурстар графика, дизайн, мультимедиа, 3D модельдеу және басқа да көркемдік бағыттарда оқытуды жеңілдетіп, оқу үдерісінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Білім цифрлық технологияларды енгізумен - онлайн курстардан виртуалды аудиторияларға дейін айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда.

Оқытушылар ретінде сыныптағы тиімділікті арттыру үшін осы құралдар мен ресурстарды пайдаланудың бірегей мүмкіндігі бар. Білім берудегі цифрлық трансформация арқылы оқыту тәжірибесін жетілдіруге, білім алушылардың оқу деңгейін арттыруға және тіпті болашақ мансаптық табысқа жетуге көмектесетін жаңа күшті құралдар мен мүмкіндіктерді ұсынады. Бұл мақалада білім беру секторында болып жатқан цифрлық трансформацияға, білім беру технологиясының жаңа тенденцияларына, осы инновациялар ұсынатын артықшылықтарға, сайып келгенде, білім беру мекемесіндегі цифрлық трансформация бастамасының сәтті болуын қамтамасыз ету жолдарына шолу ұсынылады.

Қоғам мен экономиканы цифрландыру жағдайында білім беру жүйесінің трансформациясына әсер ететін факторлар айқындалады. Оқытушының цифрлық білім беру үдерісіндегі рөлінің өзгеруі негізделеді.

Тірек сөздер: цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру, білім беру процесі, заманауи ақпараттық технологиялар, білім беру ресурстары.

Кіріспе. Қазіргі таңда әлем елдерінің бір-бірінен салыстырмалы түрде артықшылығы оның табиғи ресурстары немесе қазба байлығымен емес, адам капиталымен, біліммен, инновациялық технологиямен өлшенеді. Адамдар интеллектісінің жарқын көрінісі де осы білімнен көрінбек. Жалпы білім беру сапалы өзгерісті қажет етеді, оқу орындары күнделікті еңбек өнімі деген не деген ұғымды кеңейтіп, жалпы сауаттылық пен көптеген түлектердің жаңа міндеттерді шешу қабілетін дамытуы керек. Әйтпесе, алдағы онжылдықта олар білікті еңбек нарығында сұранысқа ие болмайды. Сондықтан цифрлық білім беруді құру бүгінде ұлттық саясаттың басты басымдықтарының бірі болып табылады [1,2].

Көркем еңбек пәні — білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, эстетикалық талғам мен өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды сала. Алайда, дәстүрлі әдістермен сабақ беру кейде білім алушылардың жеке дара қасиеттерін, қиялын толыққанды дамытуға жеткіліксіз болуы мүмкін. Цифрлық технологияларды қолдану осы кемшіліктерді жоюға, оқыту үдерісін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Бұл процесс тек білімнің сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың қызығушылығын оятып,

заманауи талаптарға сай білім алуға мүмкіндік береді. Әсіресе, көркем еңбек пәнінде цифрлық технологияларды қолдану өте өзекті. Себебі, бұл пән шығармашылықты эстетикалық талғамды және жеке дара ерекшеліктерді дамытуға бағытталған. Цифрлық құралдар мен ресурстар графика, дизайн, мультимедиа және 3D модельдеу сияқты жаңа мүмкіндіктерді ұсына отырып, оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етеді.

Цифрлық оқыту-бұл білім беру процесіне көмектесетін және нақты нәтиже беретін білім беру тәжірибесі. Бұл цифрлық білім беру құралдары арқылы білім беру процесін жалғастыруға ғана емес, сонымен қатар оқытудың сапасы мен тиімділігін одан әрі арттыруға қызмет етеді. Цифрлық білім берудің ең үлкен артықшылықтарының бірі - бір рет жасалған ресурстарды ұрпақтар үшін бірнеше рет пайдалануға болады. Бұл көптеген ресурстар мен күштерді үнемдейді.

Цифрлық педагогика ұғымының қиындықтары да жоқ емес. Ол білім берушілердің үздіксіз кәсіби дамуын талап етеді, цифрлық мазмұнмен сыни өзара әрекеттесу қажеттілігін тудырады және дәстүрлі педагогикалық құрылымдарды бейімдеуді талап етеді. Соған қарамастан көркем еңбек сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың өз шығармашылығын дамытып, жаңа дағдыларды игеруге көмектеседі. Бұл тақырыптың өзектілігі жоғары, себебі ол заманауи білім беру әдістерін тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың көркемдік қабілеттерін арттыруға бағытталған [3,4].

Білім беруде цифрлық технологияны қолданудың айқын және маңызды міндеті - бұл оқытушыларға өз жұмыстарын жақсы орындауға, білім алушылардың үлгерімі туралы көбірек мәліметтер жинауға мүмкіндік береді, қайталанатын бағалау жаттығуларынан босатады және білім алушылармен жедел кері байланыс жасайды. Цифрлық технологияны оқу процесіне енгізу арқылы, білім алушыларды болашақта табысты өмір сүруге дайындайды.

Зерттеу мақсаты – білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы көркем еңбек пәнін оқыту сапасын арттыру және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жолдарын зерттеу.

Ақпараттық дәуірде цифрлық білім беруді қолдану арқылы білім беруді жүзеге асыру-бұл білім беру қызметін жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер беретін ерекше өмір сүру ортасын құру:

- оқытудың ұтқырлығы (оқу уақыты мен орнының өзгеруі);
- өмір бойы үздіксіз білім беруді жүзеге асыру мүмкіндігі;
- жобаланатын пәндер бойынша білім алушыларды, студенттерді, курстар мен

кәсіби қайта даярлау бағдарламаларының тыңдаушыларын даярлау мүмкіндіктері.

Цифрлық Педагогиканың эволюциясын цифрлық құралдарды білім беруге біріктіруден байқауға болады. Интернет пен цифрлық ресурстардың пайда болуы мазмұнды жеткізу мен интерактивті оқытудың жаңа әдістерін енгізе отырып, дәстүрлі аудиторияның келбетін өзгертті. Уақыт өте келе білім беру технологиялары тек қосымша құралдардан білім беру дизайнының негізгі компоненттеріне ауысып, осы технологиялардың педагогикалық әсерін түсіну қажеттілігін тудырды [5,6].

Материалдар мен әдістер. Ғалым Рон Оливердің пікірінше «Ақпараттық технология сабаққа кіріктірілсе, білім алушылардың өздері оқып жатқан пәндерге деген қызығушылығы артады». Білім беруде білім беру сапасын сақтай отырып, бұл зерттеуде бірнеше цифрлық құралдар мен бағдарламалар қолданылды, олардың әрқайсысы көркем еңбек сабағын өткізу барысында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Қолданылған құралдар мен бағдарламалар тізімі төмендегідей:

1.Графикалық редакторлар (Adobe Photoshop, CorelDRAW)- графика және дизайн бойынша шығармашылық жұмыстар жасауға арналған.

2.3D модельдеу бағдарламалары (Tinkercad, SketchUp) - үш өлшемді модельдер жасау арқылы білім алушылардың өнер мен дизайн саласындағы біліктерін дамыту

3. Мультимедиа құралдары (Canva, Adobe Spark) - көркем шығармашылықты бейнелеу мен визуализациялауға арналған құралдар.

4. Интерактивті тақталар мен көрнекі құралдар- оқу процесін әртараптандыру және білім алушылардың назарын аудару үшін [7].

Зерттеу барысында қолданылған негізгі әдістердің бірі анализ және синтез зерттеу әдістері, яғни тақырып аясында кездескен мәліметтерді саралап, негізгі және өзектілерін ұсынуға осы әдістерді пайдаланылды. Сондай-ақ, кейс-стади әдісін қолдану арқылы тақырыпқа бағытталған салыстыру жұмыстары жасалды.

Көркем еңбек сабағын оқытуда цифрлық технологияны қолданудың негізгі әдістері:

Біріншіден, жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде анимациялық, бейнелер, веб-сайттар және ойындар, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты әртүрлі ресурстарды пайдалану дәстүрлі пәндерді қызықты етеді.

Екіншіден, білім алушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырғанда баяндамалар, презентациялар, рефераттар тағы сол сияқты мәліметтерді дайындау үшін қажетті объектілердің үлкен қоры.

Үшіншіден, цифрлық технологиялар арқылы бақылаулар ұйымдастыру.

Төртіншіден, практикалық жұмыстар орындау кезінде пайдалану. Цифрлық технологияны пайдалану арқылы өнер мұражайына экскурсияны жоспарлай алады немесе білім алушыларға интерактивті өрісті тамашалауға мүмкіндік береді [8].


Нәтижелер және талқылау. Зерттеу тақырыбы бойынша көптеген ғалымдар өзінің зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті нәтижелерге қол жеткізген. В.П. Беспалько, педагогика саласындағы көрнекті ғалым, оқу процесін ақпараттық-технологиялық құралдармен байытудың маңыздылығын атап өтті. Ол цифрлық технологиялар арқылы білім алушылардың жеке шығармашылықтарын дамытуға, олардың дербес жұмыс істеу қабілеттерін арттыруға болатындығын айтқан [9]. Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектерде ұсынылған цифрлық технологияны қолдану тиімділіктерінің нақтылығын байқау мақсатында жалпы білім беретін мектептердегі көркем еңбек сабағын өткізуде цифрлық технологияны пайдалана отырып және цифрлық ресурстарды қолданбай сабақ өткізіп көрдім. Бұл жұмысты жүргізуімнің мақсаты – көркем еңбек сабағын цифрлық технологияны пайдалана отырып өткізгенде білім алушылар қандай мүмкіндіктерге ие болады?

Тиісінше, цифрлық ресурстарды пайдаланбай өткізілген сабақта қандай кедергілер кездеседі?

Осы сынды сұрақтарға жауап алу үшін зерттеу барысы төмендегідей болды. Зерттеуді жүргізу үшін алғашқы күні цифрлық технологияны пайдалана отырып сабақ өткізілді. Осы ретте, сабақ барысында Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың негізгі ерекшеліктері мен тиімділіктерін бақылауды басты назарға алдық. Сабақты жүргізу барысында негізгі екі мақсат болды: көркем еңбек сабағын оқытуда оқытушының Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарына бағытталған бағдарламаларды қолдану құзыреттілігі; білім алушылардың шығармашылық құзыреттіліктерді игертуде қолданылатын Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарына бағытталған бағдарламалар түрлерін қарастыруды бақылау. Сабақты бастамас бұрын білім алушыларды арнайы «Qazmath» бағдарламасын қолдану арқылы топқа бөлінді. Топқа бөлу үшін осы бағдарлама ішінде табиғи өзгерістерге қатысты атауларды жазып, білім алушылар тақырыпқа қатысты атауларды таңдай отырды. Бұл білім алушылардың сабақтың басталу кезеңінде қызығушылығын оятуға әсерін тигізе алды. Оның ішінде «Emaze» 3D виртуалды мұражай арқылы тақырыпқа байланысты қазақтың бай мұраларымен таныстырылды. Жеке және топтық тапсырмаларды орындауда «Canva», «Tinkercad», «Adobe Spark» цифрлық бағдарламаларын пайдаланып жоба құру ұсынылды. Білім алушылардың жауаптарын жедел түрде талдап, визуалды түрде көрсету арқылы сабақтың нәтижелері мен қажеттіліктерін анықтау үшін «Mentimeter» платформасы арқылы кері байланыс жүргізілді.


Қолданылған интерактивті бағдарламалық ресурстар білім алушылардың тақырыпты меңгеруге жоғары деңгейде әсерін тигізді.

Осы ретте кейс-стади зерттеу әдісі бойынша цифрлық технологияны қолдану арқылы және толығымен жабдықталған оқу кабинетінде көркем еңбек сабақтарын өткізу арқылы оқытушының қол жеткізетін жетістіктері төмендегідей (1-сурет) болды.



1-сурет – Цифрлық технологияны қолдану арқылы оқытушының қол жеткізетін жетістіктері


Тиісінше білім алушылардың да оқу үдерісі кезінде қол жеткізетін мүмкіндіктері де анықталды (2 – сурет). Яғни білім алушылар цифрлық оқыту ресурстарын пайдалана отырып белсенді, жоғары көрсеткішті құзыреттіліктерге ие бола алады.



2 – сурет – Білім алушылардың көркем еңбек сабағында цифрлық технологияны қолдану арқылы алатын мүмкіндіктері

Тағы бір ескере кететін жағдай, бұл зерттеудің мақсаты цифрлық технологияны белсенді қолдануға шақыру және көркем еңбек сабағын оқытуда заманауи құрылғылардың көмегімен оқу белсенділіктерін арттыруға бағыттау болып табылады [10].

Жоғарыдағы зерттеуімізге оралсақ, сабақ барысында оқу материалдары көбінесе қағаз, оқулықтар, дәптерлер және басқа дәстүрлі құралдар арқылы берілді. Сабақ дәстүрлі типтегі форматта өткізілді. Оқу үдерісінде барлық екпін оқытушының кәсіби құзыреттілігіне бағытталғандықтан, бұл оқу процесінде оқытушы түрлі әдістерді қолданып сабақты жүргізіп шыға алды. Дегенмен, білім алушылардың қызығушылық деңгейі салыстырмалы түрде алдыңғы топтан өте төмен болды. Осы орайда біз цифрлық құралдарсыз сабақтар өткізудің кемшіліктерін атап кетсек (3-сурет).



3-сурет – Цифрлық технологияны пайдаланбай көркем еңбек сабақтарын өткізудің кемшіліктері

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялармен оқытудың әдеттегі форматын толықтыру білім алушылардың бойында жаңа дағдыларды қалыптастыратыны, оқудағы үлгерімі мен ынтасын арттыратыны құпия емес. Жаңашыл ұстаз ұсынылған платформалар мен қызметтерді белсенді пайдаланып қана қоймай, мазмұнды өздері жасайды. Сонымен қатар, біз білім беру процесінің негізгі пәні оқытушы болғанын және әрқашан болатынын жақсы түсінеміз. Тек ол өз білім алушыларының оқу траекториясын дұрыс құра алады, білім беру мазмұнын құрады және оқу процесін қызықты түрде тиімді өткізе алады [11,12].

Цифрлық құзыреттілік білім алушылардың цифрлық технологияларды тек білім беру контекстінде ғана емес, сонымен қатар жұмыс және қоғаммен өзара әрекеттесу саласында қауіпсіз, жауапты және сыни тұрғыдан пайдалану қабілетін дамытуға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрлық технологияларды көркем еңбек сабақтарында қолдану оқу үдерісіне жаңа деңгей әкелді. Алайда, бұл жаңашылдықты енгізу кезінде бірнеше мәселелер туындауы мүмкін. Біріншіден, педагогтарда цифрлық құралдарды тиімді пайдалану дағдыларының болмауы немесе бұл құралдарды меңгеруге уақыттың жетіспеуі сабақты толыққанды жүргізуге кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты, арнайы оқу курстары мен тренингтер ұйымдастыру қажет. Екіншіден, барлық мектептерде қажетті цифрлық құралдар мен жабдықтардың болмауы да үлкен мәселе болып табылады. Сондықтан білім беру мекемелерінде қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету үшін жүйелі жұмыстар жүргізу қажет. Жалпы, цифрлық технологиялардың

көркем еңбек сабағында қолданылуы тиімді әрі болашақта оқу үдерісін одан әрі жаңғыртуға мүмкіндік береді. Осы зерттеу жұмысы келешекте цифрлық құралдардың қолданыс аясын кеңейтіп, білім беру саласында маңызды рөл атқаратынына дәлел болды.

Қорытынды. XXI ғасырда технология кванттық секіріс жасады. Бұл бүгінгі ұрпақ үшін сәнді сөзге айналды. Соңғы жылдары цифрлық трансформация өмірдің әртүрлі салаларында танылды, бұған жарқын мысал - білім саласы. Z буыны әлемінде бәрі жекелендірілген, сол себепті олар үшін жеке траектория бойынша білімді таңдау өзекті. Қазіргі білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану — оқыту сапасын арттырудың маңызды әрі тиімді жолдарының бірі. Көркем еңбек пәні бойынша жүргізілген зерттеу жұмысында цифрлық құралдардың білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі мен маңыздылығы айқындалды.

Зерттеу барысында анықталғандай, цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді, олардың шығармашылық ойлауын дамытады, жаңа білім алуға деген қызығушылықтарын арттырады. Графика, дизайн, 3D модельдеу және мультимедиа сияқты цифрлық құралдар білім алушыларға өз идеяларын жүзеге асыруға, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға және эстетикалық талғамын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар оқытушыларға әдістерін әртараптандыруға, әрбір білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту стратегияларын қолдануға қолайлы жағдай жасайды.

Осылайша, цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу көркем еңбек пәнін оқытуда білім алушылардың шығармашылық әлеуетін толық аша отырып, олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, өздігінен білім алу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Бұл жаңашылдықтардың арқасында оқу процесі заманауи талаптарға сай, тиімді әрі қызықты болып келеді [13,14].

Жалпы, цифрлық технологиялардың қолданылуы білім беру саласында үлкен мүмкіндіктер мен перспективаларды ашып, жаңа педагогикалық әдістер мен стратегиялардың енгізілуіне ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, білім алушылардың білім деңгейін көтеріп, олардың болашақта шығармашылық салада табысты болуына негіз қалайды.

Сондықтан әр адамға әртүрлі смарт технологияларды (компьютерлік бағдарламалар, білім беру қосымшалары, мультимедиа және т. б.) және смарт құрылғыларды (смарт-тақта, смарт-экран) қолдана отырып, өмір бойы білім алуға және жаңа құзыреттіліктер алуға мүмкіндік беретін жаңа икемді, интерактивті, цифрлық білім беру жүйесін құру қажеттілігі туындады [15]. Көркем еңбек сабағын оқытуда Цифрлық технологияларды оқу процесіне біріктіру дәстүрлі білім беру тәжірибелерін өзгерту үлкен әлеуетке ие, бұл білім алушылар арасындағы белсенділікті, жекелендіруді және ынтымақтастықты ынталандырады. Білім беру технологияларын стратегиялық таңдау және енгізу арқылы педагогтар білім алушыларды цифрлық әлемге дайындайтын және оларды болашақ үшін қажетті дағдылармен қаруландыратын динамикалық оқу орталарын құра алады. Дегенмен, технологияны пайдалануды тиімді педагогикамен және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін мұқият ескере отырып теңестіру өте маңызды. Цифрлық технологияның күші мен артықшылықтарын пайдалана отырып, оқу сапасын жақсартуға, цифрлық сауаттылықты арттыруға және студенттерге өз білімінің белсенді қатысушылары болуға мүмкіндік беруге болады.

Қазір білімге жаңа технологияларды енгізу оқу процесін қазіргі әлемде анағұрлым өзекті етіп қана қоймай, Қазақстанның шалғай және қол жеткізу қиын аудандарында оқыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуда.

Дегенмен, цифрлық трансформация тек ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды білдірмейді. Цифрландыру педагогтың рөлдік функциясына қойылатын өзгермелі талаптарды, сондай-ақ өзін цифрлық ұрпаққа жатқызатын қазіргі білім алушылардың сұраныстарына жауап беретін оқыту нысандарын, әдістері мен

технологияларын ескере отырып, білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын сапалы өзгертуді көздейді [16].

Әдебиеттер:

- [1] **Kataev, N., Yerkinkyzy A.** Эффективность цифровых образовательных технологий в организации процесса обучения // Вестник КазНУ. Серия педагогическая, 2021. – 67(2). – С. 71-80 <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.08>.
- [2] **Барбашина, Э.В., Гуляевская Н.В.** Дистанционное/электронное обучение: минимизация сложностей // Профессиональное образование в современном мире, 2019. – Т. 9, № 3. – С. 2997-3008. <https://doi.org/10.15372/PEMW20190312>.
- [3] **Mike, Sharples.** The design of personal mobile technologies for lifelong learning // Computers & Education, 2000. – Volume 34, Issues 3-4. – P.177-193 [https://doi.org/10.1016/S0360-1315\(99\)00044-5](https://doi.org/10.1016/S0360-1315(99)00044-5)
- [4] **Блинов, В.И.** Модель смешанного обучения в профессиональном образовании: типология, педагогическая эффективность, условия реализации / В. И. Блинов, И. С. Сергеев // Профессиональное образование в России и за рубежом. – 2021. – № 1. – С. 4-25. [10.24412/2307-4264-2021-01-04-25](https://doi.org/10.24412/2307-4264-2021-01-04-25)
- [5] **Бузаубакова, К.Д.,** Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық - Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. – 314 б. <https://smart-pedagog.kz/images/document/method/dig-ped-oku.pdf>.
